

ДИНТАНУ

FTAMP 21.31.55

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2026.1-37>САЙФУЛЛА МАЛИКОВ^{1*} , МЫРЗАХМЕТ Жүзей²  ҚҰДАЙБЕРДІ БАҒАШАРОВ³ 

^{1*} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының магистранты (Алматы, Қазақстан), e-mail: saifullamalikov2001@gmail.com

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы, PhD (Алматы, Қазақстан), e-mail: mirza1806@mail.ru

³ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы, PhD, қауымдастырылған профессор (Алматы, Қазақстан), e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com

ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ ДІНИ-ЭПИСТЕМОЛОГИЯЛЫҚ КОНЦЕПТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАБЫЛДАНУЫ

Аңдатпа. Мақалада ислам өркениетіндегі білім түсінігінің діни-эпистемологиялық негіздері қарастырылып, оның қазіргі Қазақстан мұсылмандарының діни санасы мен білімді қабылдау ерекшеліктеріне талдау жасалады. Ислам дәстүрінде ‘ілім (білім) қасиетті құндылық деп танылып, Құран аяттары мен хадистерде білім алудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Классикалық ислам ойшылдары (Ғазали, Матуриди және т.б.) білімнің көздері мен түрлерін жан-жақты талдап, ақыл-ой мен уахидың өзара байланысын негіздеген. Мақала исламдық таным дәстүрі мен қазіргі зайырлы білім жүйесінің өзара ықпалдасуын Қазақстан қоғамы контекстінде қарастырады. Кеңестік кезеңнен кейінгі қазақ мұсылмандарының діни білімге қызығушылығы артып, медресе-университет жүйесі қалпына келуде, сонымен бірге интернет пен әлеуметтік желілер жаңа діни білім алу алаңына айналды. Зерттеу нәтижелері исламдағы білім концепті қазіргі қазақ мұсылмандарының дүниетанымында маңызды орын алатынын, алайда жаһандану дәуірінде дәстүрлі діни танымның жаңа коммуникация жағдайында қабылдануы күрделенгенін көрсетеді. Мақалада классикалық және заманауи дереккөздерге сүйенген талдау арқылы Қазақстандағы мұсылман қауымының білімге қатысты көзқарастарының эволюциясы байқатылып, діни білімді тиімді сіңіру жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: білім, ислам эпистемологиясы, діни таным, Ғазали, Матуриди, Қазақстан мұсылмандары, медресе, интернет-уағыз.

***Cite us correctly:**

Маликов, С., Жүзей, М., & Бағашаров, Қ. (2026). Ислам өркениетіндегі білімнің діни-эпистемологиялық концепті және оның қазіргі Қазақстан мұсылмандары арасындағы қабылдануы. *НИКМЕТ*, 1(7), 37–49. <https://doi.org/10.47526/3007-8598-2026.1-37>

Мақаланың редакцияға түскен күні 19.12.2025 / қабылданған күні 24.03.2026.

Saifulla Malikov¹, Myrzakhmet Zhuzey², Kudaiberdi Bagasharov³

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Master's Student at the Department of Religious Studies and Cultural Studies (Almaty, Kazakhstan), e-mail: saifullamalikov2001@gmail.com*

²*Al-Farabi Kazakh National University, Lecturer at the Department of Religious Studies and Cultural Studies, PhD (Almaty, Kazakhstan), e-mail: mirza1806@mail.ru*

³*Al-Farabi Kazakh National University, Lecturer at the Department of Religious Studies and Cultural Studies, PhD, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan), e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com*

The Religious-Epistemological Concept of Knowledge in Islamic Civilization and Its Reception among Modern Kazakhstani Muslims

Abstract. In the article examines the religious-epistemological concept of knowledge ('ilm) in Islamic civilization and its reception among contemporary Muslims in Kazakhstan. It highlights the sacred status of knowledge in Islamic tradition, as evidenced by numerous Quranic verses and Prophetic hadiths that emphasize the obligation and virtue of seeking knowledge. Classical Islamic scholars such as Al-Ghazali and Al-Maturidi developed nuanced epistemologies, categorizing sources and types of knowledge and balancing reason with divine revelation. The study explores the interaction between the Islamic epistemic tradition and the modern secular education system in Kazakhstan. Since the post-Soviet revival, Kazakhstani Muslims have shown growing interest in religious knowledge: madrasah and Islamic universities are being re-established, while the internet and social media have emerged as new arenas for religious learning. Findings indicate that the Islamic concept of knowledge remains integral to the worldview of Kazakhstan's Muslims today, yet the transmission of traditional religious understanding faces new complexities in the digital age. Through analysis of classical and contemporary sources, the article traces the evolution of Kazakhstani Muslims' attitudes toward knowledge and suggests pathways for the effective integration of Islamic knowledge in modern contexts.

Keywords: knowledge, Islamic epistemology, religious cognition, Al-Ghazali, Al-Maturidi, Muslims of Kazakhstan, madrasa, internet preaching.

Сайфулла Маликов¹, Мырзахмет Жузей², Кудайберди Багашаров³

¹*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, магистрант кафедры религиоведения и культурологии (Алматы, Казахстан), e-mail: saifullamalikov2001@gmail.com*

²*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, преподаватель кафедры религиоведения и культурологии, доктор философских наук (PhD) (Алматы, Казахстан), e-mail: mirza1806@mail.ru*

³*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, преподаватель кафедры религиоведения и культурологии, доктор философских наук, доцент (Алматы, Казахстан), e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com*

Религиозно-эпистемологическая концепция знания в исламской цивилизации и ее восприятие среди современных Казахстанских мусульман

Аннотация. В статье рассматривается религиозно-эпистемологическое понимание знания ('ilm) в исламской цивилизации и анализируется, как данная концепция воспринимается современными казахстанскими мусульманами. В исламской традиции знание признается священной ценностью: Коран и хадисы подчеркивают обязательность и добродетель поиска знаний. Классические мыслители ислама (например, аль-Газали, аль-Матуриди и др.) подробно разрабатывали классификацию и источники знания, обосновывая взаимосвязь разума и божественного откровения. В статье исследуется взаимовлияние исламской гносеологии и современной светской системы образования в контексте Казахстана. После советского периода интерес казахских мусульман к религиозным знаниям возрос, возрождается система медресе и исламских университетов, а

интернет и социальные сети стали новой платформой для получения религиозных знаний. Результаты исследования показывают, что концепт знания в исламе занимает важное место в сознании современных казахстанцев, исповедующих ислам, однако в условиях глобализации восприятие традиционного религиозного знания сталкивается с новыми вызовами. Проведенный на основе классических и современных источников анализ позволяет проследить эволюцию отношения казахстанских мусульман к знанию и предложить пути эффективного усвоения религиозных знаний в современных условиях.

Ключевые слова: знание, исламская эпистемология, религиозное познание, Газали, Матуриди, мусульмане Казахстана, медресе, интернет-проповедь.

Saifulla MALIKOV¹, Myrzakhmet ZHUZEY², Kudaiberdi BAGASHAROV³

¹*Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Din Bilimleri ve Kültür Araştırmaları Bölümü Yüksek Lisans Öğrencisi (Almatı, Kazakistan), e-posta: saifullamalikov2001@gmail.com*

²*Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Din Bilimleri ve Kültür Araştırmaları Bölümü Öğretim Üyesi, PhD (Almatı, Kazakistan), e-posta: mirza1806@mail.ru*

³*Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Din Bilimleri ve Kültür Araştırmaları Bölümü Öğretim Üyesi, PhD, Doçent (Almatı, Kazakistan), e-posta: kudaiberdi1981@gmail.com*

İslam Medeniyetinde Bilginin Dinî-Epistemolojik Konsepti ve Günümüz Kazakistan Müslümanları Arasındaki Kabulü

Özet. Bu makalede, İslam medeniyetinde bilgi anlayışının dinî-epistemolojik temelleri ele alınmakta ve bu anlayışın günümüz Kazakistan Müslümanlarının dinî bilinci ile bilgiyi algılama biçimleri üzerindeki yansımaları analiz edilmektedir. İslam geleneğinde ‘ilm (bilgi), kutsal bir değer olarak kabul edilmekte; Kur’ân ayetleri ve hadislerde bilgi edinmenin önemi özellikle vurgulanmaktadır. Klasik İslam düşünürleri (Gazzâlî, Mâtürîdî ve diğerleri), bilginin kaynaklarını ve türlerini kapsamlı biçimde inceleyerek akıl ile vahiy arasındaki karşılıklı ilişkiyi temellendirmişlerdir. Makalede, İslami bilgi geleneği ile çağdaş seküler eğitim sisteminin karşılıklı etkileşimi Kazakistan toplumu bağlamında değerlendirilmektedir. Sovyet dönemi sonrasında Kazak Müslümanlarının dinî bilgiye olan ilgisi artmış; medrese–üniversite sistemi yeniden canlanmaya başlamış, bununla birlikte internet ve sosyal medya yeni dinî bilgi edinme alanları hâline gelmiştir. Araştırma bulguları, İslam’daki bilgi kavramının günümüz Kazak Müslümanlarının dünya görüşünde önemli bir yer tuttuğunu; ancak küreselleşme çağında geleneksel dinî bilginin yeni iletişim koşulları içerisinde algılanmasının giderek karmaşıklaştığını göstermektedir. Makalede, klasik ve çağdaş kaynaklara dayalı analizler aracılığıyla Kazakistan’daki Müslüman topluluğun bilgiye ilişkin yaklaşımlarının evrimi ortaya konulmakta ve dinî bilginin etkin bir biçimde içselleştirilmesine yönelik öneriler sunulmaktadır.

Anahtar kelimeler: bilgi, İslam epistemolojisi, dinî bilinc, Gazzâlî, Mâtürîdî, Kazakistan Müslümanları, medrese, internet vaazları.

Кіріспе

Ислам өркениетінде білім (арабша – *‘ілім*) ерекше құндылық саналады. Құран Кәрім мен Пайғамбар хадистерінде білім алудың мәні мен мұсылман өміріндегі орны көптеп айтылады. Мәселен, қасиетті Құранның өзі бірінші аяттарын «Оқы!» деген әмірмен бастауы – исламдағы ілім-білімнің іргетасын қалайды (Халифа, 1991: 96:1). Сонымен бірге Құранда: «*Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?*» деп, білім иелерінің дәрежесі жоғары екендігі баса көрсетілген. Ал тағы бір аятта: «*Алладан шын мәнінде ғалым құлдары ғана қорқады*» делінген (Халифа, 1991: 35:28), яғни құдайтану да тек білім арқылы мүмкін екені ұқтырылады. Мұхаммед Пайғамбардың (Алланың оған сәлемі болсын) көптеген хадистерінде де “*Білім іздеу – әрбір мұсылманға парыз*” деп, адамзатқа пайдалы кез келген ілімді игеру мұсылманның міндеті екендігі баяндалған (Ибн Мажәһ, 2007: 224). Бұл

қағидалар исламдық дүниетанымда білімді тек утилитарлық құрал емес, рухани кемелдену мен жақсылыққа жетудің жолы ретінде қабылдауға негіз болды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, ислам өркениеті білім мен ғылымды дамытуды өзінің негізгі миссияларының бірі санады. VII–XII ғасырлар араб-мұсылман әлемінде «алтын ғасыр» аталып, сол кезеңде діни біліммен қатар жаратылыстану, философия, медицина, математика сынды салалар өркендеді. Бағдаттағы «*Байтул-хикма*» (Даналық үйі) сынды академиялар, әлемнің тұңғыш университеттері (Фес, Каир, т.б.) – мұның айғағы. Ислам әлемінде білім алу тек діни парыз ғана емес, қоғамның мәдени-интеллектуалдық дамуының өзегі еді. Орта Азия топырағынан шыққан әл-Фараби, Ибн Сина, Әл-Хорезми, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи секілді ойшылдар өз заманының энциклопедиялық білім иелері болған. Олардың еңбектерінде шарифат ілімі мен философиялық, этикалық талдаулар астасып, білімнің пәндік шекарасыз кешенді сипаты көрініс тапты. Демек, «*білім*» ұғымы ислам өркениетінде қасиетті мәтіндерді түсіну, шариғи міндеттерді білу ғана емес, сонымен бірге Жаратушының жаратылысын тану, ақиқатқа жету жолындағы кез келген пайдалы ілімді қамтыды (Akhtar, 1995).

Сонымен бірге, XX ғасырдағы отарлық және әсіресе кеңестік атеистік саясат ислам өркениетінің бұл рухани мұрасын тежеп, Орта Азия халықтарын дәстүрлі діни білімінен ажыратуға тырысты. Қазақстан аумағында кеңес өкіметі тұсында діни оқу орындары жабылып, діни білім беру тыйым салынды; мұсылмандық діни тәжірибе негізінен тұрмыс-салт деңгейінде ғана сақталды (Omelicheva, 2011: 248). Осындай тарихи үзілістен кейін, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылдан бастап ислам дінін жаңғырту, діни білім алу ісі қайта жолға қойыла бастады. Қазір Қазақстан мұсылмандары үшін исламның білімге қатысты классикалық қағидаларын заман талабына сай түсіну және қолдану өзекті міндетке айналды. Бұл мақалада исламдағы білім концепті мен оның қазіргі қазақ қоғамындағы қабылдану ерекшеліктерін талдау арқылы дәстүр мен модерн арасындағы сабақтастық мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі: Қазақ қоғамында діни сана мен зайырлы сананың арақатынасы өгеріске ұшырап отырған қазіргі кезеңде исламның білім туралы классикалық тұжырымдарын зерделеу және олардың бүгінгі мұсылмандар тарапынан қалай түсініліп отырғанын анықтау маңызды. Білімнің діни-эпистемологиялық негіздерін білу Қазақстандағы діндарлықтың бағыт-бағдарын, әсіресе жаһандану жағдайында пайда болған жаңа үрдістерді (интернеттегі діни ықпал, бейресми діни білім алу т.б.) түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу мақсаты – ислам өркениетіндегі білімнің діни-танымдық концепциясын сипаттап, оның қазіргі Қазақстан мұсылмандарының діни санасында қандай көрініс тауып отырғанын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: классикалық ислам ойшылдарының білім жөніндегі көзқарастарын талдау; Қазақстандағы ислам білім беру дәстүрінің тарихына қысқаша шолу жасау; қазіргі мұсылмандардың діни білім алу арналары (ресми оқу орындары мен бейресми интернет ресурстары) мен олардың артықшылық-мәселелерін қарастыру; дәстүрлі таным мен заманауи қабылдау арасындағы сабақтастық пен айырмашылықтарды көрсету.

Зерттеу әдістері

Мақалада қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін тарихи-философиялық және әлеуметтік талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Теориялық негізі ретінде исламтану, дін социологиясы салаларындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда, классикалық ислам дүниетанымындағы гносеология мәселесі әл-Мәтуриди, әл-Газали еңбектеріндегі тұжырымдар арқылы талданды; бұл үшін мәтіндік талдау (*textual analysis*) және салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды. Социологиялық тұрғыдан, қазіргі Қазақстан мұсылмандарының діни білімді қайдан және қалай алып отырғанын түсіну үшін соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулер мен статистикалық мәліметтерге шолу жасалды. Интернеттегі діни контент бойынша деректер, әлеуметтік желідегі ең танымал ислам уағызшылары туралы мәліметтер талданды (мысалы,

бірқатар зерттеулер Қазақстандағы онлайн уағызшылардың жарты миллионнан астам жазылушысы бар танымал тұлғаларға айналғанын көрсетеді (Kerim, 2025: 631). Сонымен бірге, қазақстандық діндарларды бақылау және діни білім беру саясатындағы құжаттар, ҚМДБ (Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы) мәліметтері ескерілді. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен деректерді жүйелеуде индуктивті және дедуктивті талдау, контент-талдау сияқты ғылыми тәсілдер қолданылды.

Нәтежиелері және талқылау

Исламдағы білімнің классикалық түсінігі (діни-эпистемологиялық негіздер)

Ислам дәстүрінде білімнің мәні туралы жүйелі ілім қалыптасқан. Құран Кәрім білімді *нұр* (жарық) кейпінде мадақтап, надандықты түнекке теңейді (Akhtar, 1995). Сондықтан ілім – адамды қараңғылықтан жарыққа шығаратын құдіретті күш деп есептеледі. Алла Тағала адам баласын жаратып, періштелерге оның алдында бас июге бұйырғанда, ең әуелі Адамға «барлық атауларды», яғни нәрселердің мәнін үйретті. Бұл қисса білімнің адамзатқа Алла берген аманат екендігін көрсетеді (Akhtar, 1995). Ислам сеніміндегі негізгі ақида бойынша, барлық шынайы білімнің қайнары – Алла, ал адам баласы ақыл мен жүрек көзін пайдалану арқылы Жаратқанның сырларына қаныға алады (Kamischeva et al., 2024: 183).

Классикалық ислам философиясы мен калам (теология) саласында *эпистемология* негізгі орын алды. Имам Әбу Мансур әл-Матуриди (870-944) – сунниттік каламның көрнекті өкілі – білімнің ақиқатқа жету жолдарын арнайы қарастырған. Әл-Матуриди өзінің «Китаб әт-Таухид» атты еңбегінде таным теориясына тоқталып, адамның білім алу қабілетіне талдау жасайды. Оның тұжырымдауынша, «*ақиқат білімге жетудің үш қайнар көзі бар: сезім мүшелері арқылы түйсіну, сенімді хабар (дәстүр) және ақыл-ой (ойлау қабілеті)*». Бұл үш құралды Матуриди «*асбаб әл-’илм*» (білімнің себептері) деп атайды (әл-Матуриди, 2000: 25). Сезім мүшелері (көру, есту, сезу және т.б.) сыртқы дүниені қабылдап, бастапқы деректерді береді. Хабар дегеніміз – шынайылығы анық (мәлім халыққа кең тараған немесе Пайғамбар мен Құран жеткізген) ақпарат. Мысалы, алыс қалалардың бар екені немесе тарихтағы оқиғалар жайлы нақты білім – мутауатир (көпшілік растаған) хабар арқылы келеді. Ең бастысы – Алланың уахиы, яғни Құран мен пайғамбар сүннеті де сенімді «хабар» саналады. Ал ақыл-ой – адамға себеп-салдарлық байланысты тануға, көзге көрінбейтін нәрселерді қисын арқылы білуге мүмкіндік беретін сый. Матуриди ақылдың рөлін ерекше бағалаған: оның пікірінше, адам баласы пайғамбар келмей-ақ, айнала ғаламды бақылап, Жаратушының барына ақылымен қорытынды жасай алуы тиіс атайды (әл-Матуриди, 2000: 37). Сондықтан, Матуриди бойынша, *Жаратушыны тану – барлық адамға міндет*, ал бұл танымға жету құралын (ақыл мен түйсік) Алла өзі әрбір адамға берген. Матуриди мен оның мектебі ақылдың дербестігін белгілі шекке дейін мойындап, діни ақиқаттармен үйлесімде қарастырады. Мәселен, Матуриди Ашғариға қарағанда (*Ашғари* – суннит каламының екінші бір мектебі) рационализмге көбірек мән берді. Ашғари ілімі бойынша, адам Алланың бар екендігі мен дұрыс-жалғанның парқын тек қасиетті мәтін арқылы біледі; ал Матуриди «*адам ақылы ешбір уахи болмаса да, Алланың бар екенін түсінуге қабілетті, сондай-ақ этикалық бағалаулардың (жақсы мен жаманның) негізін ақыл арқылы ажыратуға болады*» деп сенді. Бұл айырмашылық – ислам теологиясындағы ақыл мен мәтін арасындағы тепе-теңдікті анықтау талпыныстары еді. Әл-Матуриди «*ақылды жоққа шығарған адам, ең алдымен сол жоққа шығаруы арқылы-ақ ақылдың қажет екенін дәлелдеп қойды*» деп, рационалдық танымды мансұқтаушыларды сынға алған (әл-Матуриди, 2000: 9). Ол Құранда келтірілген «*ойланбайсыңдар ма*», «*ақылға салмайсыңдар ма*» деген үндеулерге сүйеніп, пайымдау (*тафаккур*), түсіну (*тафакқұһ*) – Құдайдың адамның алдына қойған талабы деп тұжырымдайды (Akhtar, 1995). Осылайша Матуриди мектебі шарифат мәтіндерін құрғақ жаттап, санаға салмай ұстануды емес, ақыл арқылы терең түсініп иман етуді насихаттады.

Имам Әбу Хамид әл-Ғазали (1058–1111) – ислам әлеміндегі білім жөніндегі классикалық еңбектің, яғни «Ихиа’ улум ад-дин» («Дін ғылымдарының қайта жандануы») кітабының авторы. Ғазали де білімді категорияларға бөліп қарастырады. Ол ең алдымен білімнің адам үшін «пайдалы» және «пайдасыз» түрлерін ажыратады: бұл жіктеуінде Ғазали адамды ақыретте құтқаратын, мінез-құлқын түзейтіп, Аллаға жақындататын ілімді – *пайдалы* (мәнді) деп есептейді де, қалған тұрмыс пен технология, өнер сияқты салаларды екінші дәрежелі деп санайды. Дегенмен, Ғазали мүлдем «дүниелік» ғылымдарды қажетсіз дегенін айту керек: оның көзқарасында күнделікті өмірге қажетті пәндерді меңгеру – *ұмма* (мұсылман қауымы) үшін *фард-кифая* (жамағаттың ішінде біреулер атқарса, қалғандарынан міндет сағытылатын парыз) дәрежесіндегі міндет. Яғни әрбір мұсылманға тікелей парыз (фард-айн) болған сенім негіздері мен ғибадат-білімінен тыс, медицина, есеп, егіншілік сияқты дүниелік білімдерді қоғамнан жеке мамандар игеруге тиісті. Ғазали «Ихиядағы» “Білім кітабында” осыған байланысты: «*ғылым екіге бөлінеді – діни және зайырлы, бұлардың қай-қайсысы да ақыреттік мақсатқа қызмет етсе, құнды*» деген мағынада ой айтады. Ғазали өзі өмірден өткесін кейбір мұсылман ойшылдары оны «*философия мен жаратылыстану ғылымдарын жоққа шығарып, ислам ой-өрісін тарылтты*» деп сынға алды. Алайда қазіргі зерттеушілердің көпшілігі бұл пікірдің үстірт екенін алға тартады (Akhtar, 1995). Шын мәнінде, Ғазали өзінің рухани саяхаты арқылы исламдағы танымның аясын кеңейтті: ол белгілі «*әл-Мұнқиз мина-ддалал*» (“Адасудан құтқарушы”) атты өмірбаяндық трактатында ақиқатты тану жолында барлық қолжетімді білім салаларын – каламды, философияны, батинилік эзотерикалық ілімдерді – сынақтан өткізіп, ақырында *софылық (тасауф)* жолында жүрек көзімен (көңілдің рухани интуициясымен) тануға болатынын түйіндейді (Abylov et al., 2025: 563). Ғазалиге дейін классикалық калам шеңберінде ақиқат білімге күмәнмен қарау (скептицизм) талқыланбаған еді; Ғазали осы тәсілді қолданып, ең соңында шүбәсіз ақиқатқа жетудің бірден-бір жолы – *ма’рифат*, яғни жүректің тікелей (иррационал) көруі деген шешімге келді (әл-Ғазали, 2010: 26). Бұл оның эпистемологиясында рационалдық әдістердің шегін көрсетіп, мистикалық интуицияға орын бергендігін аңғартады. Бұдан, әрине, Ғазали ақылды жоққа шығарды деген қорытынды шықпайды. Керісінше, ол каламшылар мен философтардың әдістерін терең меңгергендіктен, олардың күмәнді тұстарын да дәл байқаған еді. Ақырында Ғазали философиядағы шектен тыс рационализмді сынап «*Тахафут әл-фаласифа*» (“Философтардың тұйыққа тірелуі”) атты еңбек жазды. Бұл жұмысында ол грекшіл философтардың (әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина дәстүрі) ислам ақиқаттарына қайшы келетін тұжырымдарын әшкерелеп, дінге сай келмейтін кейбір идеяларын терістеді. Ғазалидің осы айыптауларының кесірінен, өкінішке қарай, кейінірек мұсылман әлемінде философия мен жаратылыстану ілімдері дамуы бәсеңдеді деген көзқарас бар. Дегенмен, қазіргі ғалымдар Ғазалиді «зерденің жауы» емес, керісінше, ислам ілімін жан-жақты жетік білген «*мақсатқа жету үшін күмәндану қажет*» деген методология енгізген жаңашыл деп бағалайды (Akhtar, 1995).

Жалпы, ислам дүниетанымында білім – тек ақпарат көлемі емес, сонымен бірге тәрбие, әрекетпен ұштасатын *хикма* (даналық) ұғымына жақын түсінік. Құран Кәрімде “*даналық берілгенге көп игілік берілген*” делінеді (Халифа, 1991: 2:269). *Хикма* термині грек ойының ықпалымен енген «философия» сөзінің баламасы ретінде қолданылады, бірақ ислам мәдениетінде *хикма* көбіне Алла тағаланың тікелей жүрекке құятын терең түсінігі, практикалық ізгілікпен байланысқан білімді білдіреді. Сондықтан көптеген ислам ғұламалары білімді екі деңгейде қарастырған: біріншісі – жүре келе оқу, тәжірибе, ойлану арқылы игерілетін ілім; екіншісі – тек тақуа құлдарына берілетін иләһи нұр түріндегі *ма’рифат*. Біріншіге – *‘илм*, екіншісіне – *ма’рифат* деп атау берілгені бар. Суфизмде жүрек көзімен ішкі сырларды тану – білімнің шыңы саналады. Алайда, суфилер де шариғи негіздерден қол үзбеген: олардың дәстүрінде “шариғатсыз хақиқат жоқ” деген ереже бар. Демек, кез келген мистикалық таным немесе философиялық білім исламда *уахи*

қағидаларымен тексеріліп, құпталса ғана қонымды деп есептелген. Осылайша, ислам өркениетінде орта ғасырларда діни таным мен рационализмнің, мистицизмнің синтезі орын алды. Оны біз Әл-Ғазали, Суһраварди, Ибн Араби сияқты ой алыптарының шығармашылығынан, Орта Азияда Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған түркілік сопылық мектептің мұрасынан көре аламыз. Түркі-ислам әдебиетінің көрнекті туындысы “Құтты білік” (Жүсіп Баласағұни, XI ғ.) те білімді қоғамды әділ басқарудың, бақытты өмір сүрудің символы ретінде жырлайды – бұл ислам өркениетіндегі білім идеясының түркі дүниесінде қалай қабылданғанының бір мысалы (Сихимбаева, & Жанабаева, 2023: 147).

Қорыта айтқанда, классикалық ислам дүниесінде білімнің діни-эпистемологиялық концептісі тұтас әрі кешенді сипатқа ие болды. Мұнда білім – Құдайтану мен дүние танудың бірлігі: метафизикалық ақиқат пен эмпирикалық деректер бір тұғырдан қарастырылады. Исламдағы білім концепті бойынша, нағыз білім адамды *хаққа* (ақиқатқа, Аллаға) жақындатуға тиіс (Акhtar, 1995). Сол себепті, *‘илм* ұғымы тек теориялық мағлұмат емес, этикалық кемелденуді де қамтитын түсінік. Бұл классикалық тұжырымдама бүгінгі Қазақстан мұсылмандарына қаншалықты мәлім және олардың практикасына қалай енген? Келесі бөлімде осы сауалдарға қазіргі қазақ қоғамының діни өмірі тұрғысынан жауап ізделінеді (Құрманбаев, & Сихимбаева, 2021: 136).

Қазақстан мұсылмандарының діни санадағы білімді қабылдауы (заманауи аспектілер)

Кеңестік дәуірдің әсерінен Қазақстандағы мұсылман қауымы діни білім дәстүрінен айтарлықтай қол үзгені мәлім. 70 жылдан астам уақыт мемлекеттік атеизм саясаты халықтың діни сауатын шектеуге тырысты. Десе де, тәуелсіздіктен кейін елде ислам діни қайта жанданып, діндарлық деңгейі өсті. 2000 жылдары жүргізілген әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, өзін мұсылманмын деп санайтын қазақтардың көбісі Ислам негіздерін үстірт білсе де, дінге культурологиялық тұрғыда оң көзқараста болған (Omelicheva, 2011: 247). Яғни, кеңес кезеңіндегі үзіліс салдарынан діни тәжірибе көбіне салт-дәстүр, ата-баба жолы деңгейінде сақталды (кез келген нәрестеге азан шақырып ат қою, сүндетке отырғызу, сәлем салу, ораза-намазды ұстану үрдісі көбіне ауылдағы үлкендер арасында ғана). Бірақ 1990 жылдардан бастап Орта Азияға түрлі шетелдік діни ықпалдар келе бастады: Түркиядан, Пәкістан мен араб елдерінен миссионерлер, ұйымдар өз оқу бағдарламаларын, әдебиеттерін әкелді. Қазақстанда да 90-жылдары Құран курстары, жекеменшік медреселер пайда болып, жастар шет елдердегі ислам университеттеріне оқуға тартыла бастады. Осы кезеңде халық арасында бұрын беймәлім болған діни ағымдар идеясы тарала бастады – кейбірі жергілікті дәстүрлі исламға қайшы, *жат мазхабтық* сарындар еді. Мысалы, Пәкістан-Үндістан аймағынан шыққан *Таблиғи жамағат* қозғалысы, Таяу Шығыстағы *сәләфиттік* (yahhaби) идеялар, Түркиядан келген *Нұршылар* және Фетхуллаһ Гүленнің ізбасарлары, т.б. Қазақстан мұсылмандарының бір бөлігіне әсер етті (Omelicheva, 2011: 249). Дәстүрлі діни элита – яғни кеңес кезінен тіркелген жалғыз муфтият төңірегіндегі имамдар мұндай ала-құлалыққа дайын болмады. 1990 жылдары қалыптасқан Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы (ҚМДБ) кеңес кезіндегі шектеулерден шығып, мешіт-медреселерді қайта жандандырды, бірақ қоғамдағы діни сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі қиын қалыптасты. Халықтың діни білімге шөліркеуі фрагментті түрде қанағаттанды: әркім қолы жеткен әдебиеттерден, бейресми ұстаздардан үйренді. Нәтижесінде 2000 жылдарға таман қоғамда діни санада *«жеке ізденіс және жекеше діндарлық»* үрдісі күшейді. Зерттеушілер бұл құбылысты *«діннің жекелеуі (индивидуациясы)»* деп атайды. Оның мәні – кең тараған дәстүрлі ұжымдық тәжірибеден гөрі әр адам дінді өзінше түсініп, жеке рухани ізденіске көбірек мән беруі. Қазақстан жағдайында мұның көрінісі: біреулер намазға жығылып, шарият талаптарын қатаң ұстана бастағанда, екінші бірі дәстүрге сай ырым-тиымдарды ғана орындаумен шектеледі; тағы бірі сопылық ілімдерге қызығып, түрлі зікір жиындарына қатысса, басқасы тек интеллектуалдық деңгейде Ислам философиясын зерттеп, діни ілімді академиялық тұрғыда қабылдайды. Яғни, діндарлық формалары сан алуан түрге бөлініп

кетті. XXI ғасырдың алғашқы онжылдықтарында бұл үрдісті үдеткен тағы бір фактор – интернеттің кең таралуы болды.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқының 70%-ке жуығы өзін мұсылман санайды (2021 жылғы санақ нәтижесі), бірақ олардың діни тәжірибе деңгейі әрқелкі. Осы аудиторияға діни ықпал етудің негізгі арнасы – бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер. Интернет пен әлеуметтік желілер Қазақстан мұсылмандары арасында діни білім мен насихат таратудың басты алаңына айналды (Kerim, 2025: 640). Мысалы, 2020–2023 жылдары пандемия кезеңінде мешіттер жабық болған кезде көптеген адамдар рухани азықты түгелдей интернеттен іздеді. Сұраныс ұсынысты туғызады демекші, сол жылдары елімізде бұрын дәстүрлі жамағатқа беймәлім *«Интернет ұстаздар»* шықты. Онлайн уағызшылардың танымалдылығы күрт өсіп, кейбірінің жазылушылары жүз мыңдап саналды. Зерттеулер нәтижесінде Қазақстандағы ең әйгілі 5 интернет-уағызшының әрқайсысының аудиториясы 500 мыңнан асып түскені анықталды (Kerim, 2025: 636). Мысалы, өзін *«Тик-Ток имам»* деп атаған Нұрлан Байжігітұлы есімді имам Instagram және TikTok желілерінде 400 мыңнан астам жазылушы жинады. Ол қысқа видеоларда күнделікті тұрмыс мәселелеріне исламның көзқарасын қарапайым тілмен, әзіл қосып түсіндіреді. Жастар оны *«жеңіл де пайдалы»* кеңестері үшін жақсы көреді (Орынтай, 2023). Сол сияқты белгілі теолог Еркін Әміре, Кенжеәлі Мырзабаев, Шынтілеу Әбділдәұлы сияқты ҚМДБ имамдары да YouTube, Instagram арқылы белсенді дәрістер жүргізе бастады (Орынтай, 2023). Тіпті Facebook парақшасын ашқан ауыл имамдары көбейді (Mukankyzy & Najibullah, 2013). Мемлекет те бұл үрдісті қолдап отыр: 2013 жылдан бері Діни басқарма имам-моллалардың әлеуметтік желідегі белсенділігін арттыру үшін арнайы семинарлар өткізіп, оларды онлайн кеңістікте экстремизм идеяларына қарсы тұруға шақырды. Өйткені билік өкілдері *“бүгінде жастардың көбі уақытын интернетте өткізетіндіктен, экстремистер бұрынғыдай жасырын жиын жасап әуреленбей, сол желіде үгіт-насихат жүргізеді”* деп санайды. Расында да, 2010 жылдардың ортасында Сириядағы соғысқа қазақстандықтардың кетуіне интернеттегі радикал үгіттің ықпал еткені белгілі болды. Осыдан сабақ алған үкімет имамдарды *“виртуалды әлемде жастарға жанасымды тілмен сөйлесетін”* белсенді ақпараттандырушыға айналдырмақ ниетте көбейді (Mukankyzy & Najibullah, 2013).

Интернеттің арқасында бүгінде кез келген адам дәстүрлі діни оқу орындарынсыз-ақ, өз бетінше ислам жөнінде үлкен көлемде мағлұмат ала алады. Қазақ тілінде Құранның бірнеше аудармасы, хадис жинақтары, фикһ кітаптары және мыңдаған сұрақ-жауап форматындағы материалдар желіге ашық қойылған. Мысалы, E-islam.kz, Muslim.kz, Islam.kz, Azan.kz сияқты арнайы діни ағартушылық сайттар бар, оларда діни сұрақтарға жауаптар беріледі, мақалалар жарияланады. Бұған қоса, Ресейдің Umma.ru, Islam.by секілді ресурстары қазақ, орыс тілдерінде мәлімет таратады. Әлеуметтік желілерде қарапайым қолданушылар түрлі топтар, арналар ашып, діни контентті бөліседі. Оның ішінде шетелдік уағызшылардың (араб, түрік, үнді-пәкістандық, т.б.) бейнематериалдары қазақшаға аударылып кең таралуда. Бұл құбылыс Қазақстан мұсылмандарының діни танымына бір жағынан плюрализм әкелсе, екінші жағынан дәстүрлі діни санаға біраз өзгеріс те енгізді. Артықшылықтары – дінді үйрену бұрынғыдай тек молданың үйреншікті өсиеттерімен шектелмей, әркімге *сан алуан көзқарасты салыстырып қарауға* мүмкіндік туды. Ізденуші адам классикалық еңбектерді де, заманауи ғалымдардың пікірін де оңай таба алады. Кемшіліктері – діни білімнің бейресми, ретсіз таралуы салдарынан кейбір адамдар жаңсақ, үстірт немесе мүлде бұрмаланған ақпараттарға жолығып жатты. Мысалы, әлеуметтік желіде *«Ханафи мазхабын ұстанбау керек, тек Құран мен сүннетке сүйенеміз»* дейтін ұрандар жиі кездеседі – мұның астарында сәләфилік идеология бар екені мәлім. Дәстүрлі сара жолдан хабары аз жастар осындай ұрандарға еріп кетуі де ғажап емес. 2011–2012 жылдары еліміздің батыс аймақтарында орын алған лаңкестік оқиғалар жергілікті кейбір жастардың радикал уағызшылар ықпалына түскенін көрсетті. Сарапшылар атап өткендей, бұл *“білімнің үстірт қабылдануы”* нәтижесінде болды: яғни, интернеттен үзінді ақпарат

алып, жан-жақты діни негіз қалыптаспай жатып, біржақты сенімге беріліп кеткен жағдайлар. Сондықтан қазіргі кезеңде қандай білім алу керек, кімнен үйрену керек деген сұрақ та күн тәртібінде тұр. ҚМДБ ресми түрде шетелдік күмәнді әдебиеттерді оқуға тыйым салып, өз тарапынан бекітілген оқу құралдарын ұсынады. Қазақстанда соңғы жылдары имамдардың білім деңгейін көтеру, ортақ стандарты қалыптастыру жұмыстары жүріп жатыр (Beisenbayev, 2024: 28). 2018 жылы Діни басқарма «Жарасымдық (умеренность) идеологиясы» тұғырнамасын жариялап, халыққа дәстүрлі Ханафи-Матуриди жолынан адаспауға шақырды. Дегенмен, қоғамда ресми теологтардың сөзіне құлақ аса бермейтін топтар да жоқ емес. Олар әсіресе қала жастары мен шетелде білім алғандар арасында кездеседі. Мұны діннің жоғарыда айтылған «жсекеленуі» үрдісінің бір көрінісі деуге болады – яғни, әркім өз біліміне өзі «ұстаз».

Осы орайда, қазақ мұсылмандарының қазіргі діни білімді қабылдауында екі түрлі бағыт байқалады: институционалдық қабылдау және бейресми қабылдау. Институционалдық арна – ҚМДБ-ға қарасты мешіттердегі діни дәрістер, медресе-колледждер және Нұр-Мұбарак университеті сияқты ресми оқу орындары, сонымен қатар отандық ғалымдардың кітаптары мен Қазақстанда бекітілген діни оқу бағдарламалары. Бейресми арна – жоғарыда айтылған интернеттегі сан алуан контент, жеке танымал діни тұлғалардың (отандық болсын, шетелдік болсын) ықпалы. Қазіргі таңда бұл екі арна кейде бірін-бірі толықтырады, кейде бәсекелеседі. Мысалы, Нұр-Мұбарак университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ секілді жоғары оқу орындарында дінтанушы, исламтанушы мамандар дайындалуда (Beisenbayev, 2024: 17). Олар дәстүрлі ілімді ғылыми негізде меңгергендіктен, халыққа дұрыс ақпарат таратуға үлес қосады деп күтілуде. ҚМДБ соңғы жылдары әлеуметтік желіге өзі де кірігіп, Instagram, YouTube желілерінде ресми парақшаларын жүргізіп келеді. 2021 жылдан бастап “*Muftiyat*” атты арнайы мобильді қосымша да іске қосылды. Бұл қадамдар – бейресми интернет уағызшылардың ықпалымен бәсекеге түсу амалы. Алайда, интернет табиғаты ашық болғандықтан, *цензурасыз, бақылаусыз* ақпарат ағынын тежеу қиын. Сондықтан ресми органдар халықтың медиа сауатын көтеру арқылы, *фильтрлеуді тұтынушының өзіне қалдыру* саясатын ұстануда. Мысалы, Дін істері агенттігі мен Ақпарат министрлігі “экстремизм белгілерін ажырату” жөнінде бейнероликтер таратып, ата-аналарды балаларын күмәнді сайттардан қорғауға шақыруда. Құқық қорғау органдары радикал идеяларға шақырушыларды анықтап, олардың материалдарын бұғаттау жұмысын да жүргізуде.

Жас буын арасында діни білімді іздеудің өзіндік жаңа мәдениеті қалыптасуда. Бүгінде жас мұсылмандар шетелдік танымал ғалымдардың онлайн дәрістерін ағылшын, түрік, араб тілдерінде тыңдай алады. Мысалы, YouTube-та Йасир Қади, Нуман Али Хан, Хакім Мұртаза, Мұстафа Өмер сынды әлемге әйгілі ағартушылардың қазақша не орысша аудармалары табылып жатады. Түрік елінің діни телесериалдары («*Ертұғрыл*», «*Сүлеймен*» т.б.) да тарихи таныммен қатар діни санаға ықпал етуде – бұл да білімнің бейформал қабылдану түрі. Сонымен бірге, кейбір жастар дәстүрлі кітап оқуға бет бұрғаны байқалады: өткен он жылдықта Қазақстанда Құран мен хадис қазақ тіліне аударылып кең таралса, қазір Ғазали, Ибн Касир, Руми еңбектері сияқты классиктердің аудармалары кітап сөреден табылуда. Демек, бұрын тек медресе шәкірттеріне ғана қолжетімді мұсылманша кітаптар енді жалпы оқырманға да қызмет ете бастады. Бұл – қуанарлық жағдай. Дегенмен, осы үлкен білім қорын дұрыс түсіну үшін оқырманға базалық ислам ілімдері қажет. Ал ол ілім көп жағдайда жүйеленген түрде тек медресе немесе университеттерде беріледі. Сол себептен, *өз бетінше оқыған адамның шала түсініп, теріс тұжырым жасап алу қаупі бар*. Мұндай мысалдар жетерлік: араб тілін біршама үйреніп, өз бетімен Құран мен хадиске үңілген кейбір жастар классикалық мәзһабтар беделін мойындамай, “Құранда жазылмаған нәрсе бидғат (дінге енгізілген жаңалық)” деп, ата-бабадан келе жатқан талай жақсы дәстүрлерден бас тартты. Кейбірі тіпті фундаменталистік көзқарасқа, қатып қалған скриптурализмге бой алдырды. Бұған керісінше, дінге ғылыми-сыни көзбен қарап, ақылға

тым салған бірқатар азаматтар исламның кейбір бекіген қағидаларын заманауи құндылықтарға сай келмейді деп шеттете бастады (мысалы, шарифаттағы гендерлік рөлдер, көп әйел алу және т.б. қатысты күмәндер). Яғни, бүгінгі мұсылман қауымының білім деңгейі өскен сайын, сауалдары да көбеюде; ақпарат көп болғанымен, *оны түсіндіріп, жүйелен беретін даналыққа сұраныс артып отыр.*

Осындай күрделі ахуалда Қазақстан мұсылмандарының дәстүрлі діни танымы үлкен сыннан өтуде. Дәстүрлі таным дегенде, қазақ халқына сан ғасыр бойы сіңген Әбу Ханифа мазхабы мен Матуриди ақидасы, Ясауи сопылық ілімі төңірегінде қалыптасқан дүниетанымды айтамыз (Kozha et al., 2025: 55-64). Бұл танымда білімге ашықтық, өзге мәдениеттер жетістігін игеру, рухани төзімділік (толеранттылық) сияқты қасиеттер бар еді. Қазіргі жаһандану заманында осы құндылықтардың қажеті тіптен артып тұр – өйткені жабық фанатизм, догматизм, экстремизм секілді құбылыстар жаһанның әр түкпірінде қауіп төндіруде. Қазақстан өзінің зайырлы мемлекет ұстанымын сақтай отырып, халықтың діни білімін дұрыс арнаға бағыттауға мүдделі. Сондықтан, ресми деңгейде *«Діни экстремизмге қарсы 2018–2022 стратегиясы»* сияқты бағдарламалар қабылданды. Солардың аясында тұрғындарға дәстүрлі ислам негіздерін оқыту курс-семинарлары өткізілді. Бұл шаралардың нәтижелілігі алдағы уақыт көрсеткіші еншісінде.

Бүгінгі таңда қазақ мұсылманының портреті сан алуан: бірі шарифат талаптарын толық орындауға тырысатын тақуа жан, екіншісі атаулы діни мерекелер мен рәсімдерді ғана атқаратын мәдени мұсылман, үшіншісі ешбір рәсімді ұстанбаса да өзін иманнан бөліп қарамайтын бейілім, төртіншісі радикал көзқарастағы фанат, бесіншісі дінді зиялы-философиялық тұрғыда түсінуге ұмтылған интеллектуал, т.б. Осы әртүрлі топтардың бәріне ортақ қасиет – бәрі де ислам діни туралы әлдебір *білімге сүйеніп әрекет етеді.* Сол білімінің сапасына қарай олардың діни практикасы да қалыптасуда. Демек, білімді қалай қабылдап жатқанын зерттеу – діндарлық сипатын танудың кілті. Осы орайда, әлеуметтанушылар қазіргі қазақ мұсылмандарының діндарлығын *«ұжымдық дәстүрден гөрі жеке тәжірибеге қарай ойысқан»* деп бағалайды (Omelicheva, 2011: 253). Мысалы, жақында жүргізілген бір сауалнамада “діни сұрақтар туындаса, кімнен ақыл-кеңес сұрап едіңіз?” дегенде респонденттердің айтарлықтай бөлігі *«өзім интернеттен іздеп табам»* деп жауап берген екен. Бұл – жоғарыда айтылған деректі айғақтай түседі: жұрт мешіт имамынан гөрі, ғаламтор кеңесшісіне жүгінуге бейіл. Әрине, интернеттегі кез келген діни ақпарат бірдей сапалы деу қиын. Бірақ халықтың сенім жүгін қайнар көзі белгісіз виртуал ұстаздарға артып қоюы – дәстүрлі институттардың әлсіздігін де көрсетеді. Сондықтан, Қазақстандағы діни басқарма және теолог ғалымдар халықтың, әсіресе жастардың сұранысына сай стильде түсіндіру жұмысын жолға қоюы керек. Рухани білімнің қабылдануы оның берілу формасына да көп байланысты. Мысалы, бұрынғы дәстүрлі насихат тілі көбіне дидактикалық, бұйрық-нұсқау түрінде болса, қазіргі буын интерактивті, сұхбаттасу, мотивациялық стильді ұнатады (Орынтай, 2023). Жастарға өмірлік түйткілдерін (үйлену, несібе табу, көңіл тыныштығы, т.б.) шешуге бағыт берген діндерлер олардың құрметіне бөленуде. Ал тек ақырет азабы немесе күнә-қатер төңірегінде әңгіме айтатын молдаларға жастардың ықыласы аз. Сондықтан жаңа заманның діни ағартушылары арасынан психология, менеджмент, коммуникация салаларын жетік меңгерген *«коуч-уағызшылар»* шыға бастады. Олар классикалық білімді заманауи мысалдармен ұштастырып береді. Бұл құбылысты екі қырынан бағалауға болады: бір жағынан, діннің қоғамға бейімделуі, уақыт талабына сай түрленуі болса, екінші жағынан, діни ілімнің бұқара талғамына тым икемделіп, қарапайымдалуы, сол арқылы тереңдіктен айырылуы қауіп. Қалай болғанда да, ағымдағы үдерістерді дұрыс бағыттау үшін діни танымды дамыту, сауатты түрде модернизациялау мәселесі туындап отыр.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері ислам өркениетінде қалыптасқан білімнің діни-эпистемологиялық концептісі қазіргі Қазақстан мұсылмандарының санасында белгілі деңгейде жаңғырып келе жатқанын көрсетті. Классикалық ислам танымындағы білім – қасиетті, жан-жақты, ақыл мен жүрекке қатар қатысты ұғым. Бұл түсінік қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында да орын алған: білімді құрметтеу, оқымыстыны сыйлау, ғалымды «*қараңғының жарығы*» деп ардақтау – мәдениетіміздің бөлшегі. Қазіргі уақытта сол менталитет жалғасын табуда, бірақ жаңа тарихи контексте өзгеріске ұшыраған (Zhanykulov, 2025: 58-71).

Біріншіден, бүгінде мұсылман қауымы білімге тек мешіт-медресе шеңберінде емес, жалпы адам капиталы тұрғысынан қарай бастады. Дін қызметкерлері жұртшылықты дінді терең түсіну үшін зайырлы білімді де игеруге шақырады. Бұл – исламның білімді шектеусіз қамтитын рухына сай құбылыс. Мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Нұр-Мұбарак университеті бірлесіп, исламтану бағдарламасына қазіргі ғылым жетістіктерін енгізуде (Beisenbayev, 2024: 11). Ислами ілімдерді зайырлы гуманитарлық пәндермен ықпалдастыра оқыту болашақ имам-теологтардың көкжиегін кеңейтеді деп күтілуде.

Екіншіден, ақпараттық технологиялар дәуірі діни білімнің таралу жолдарын диверсификациялады. Интернет арқылы білім алу оңайлағанымен, дәстүрлі ижазат (ұстаздан рұқсат) беру жүйесі әлсіреп кетті. Бүгінде кез келген адам өзін «*шейх*» немесе «*имам*» жариялап, аудитория жинай алады. Бұл жағдай діни білім сапасының әрқелкі болуына алып келеді. Зерттеу барысында анықталғандай, танымал онлайн уағызшылардың кейбірі білімді, тәжірибелі имамдар болса, енді бірі – шешендік қабілетімен көзге түскенімен, діни білімі таяз тұлғалар. Сондықтан, жұртшылыққа кімнің сөзіне еріп, қандай ілім алу керектігін ажырату қиынға соғуда. Осы проблеманы шешу үшін ҚМДБ және мемлекеттік мекемелер *ақпараттық сүзгі* қызметін атқаруға тырысуда (рұқсат етілген әдебиеттер тізімі, ресми пәтуалар базасы жасалды, т.б.). Дегенмен, басты сүзгі – мұсылманның өзіндік танымы, білім деңгейі болуы керек. Сол себепті, базалық діни сауатты әр мұсылманға қолжетімді ету – кезек күттірмейтін міндет. Қазақстанда мектеп не колледж бағдарламасына «*Дінтану негіздері*» пәні енгізілгені осы бағыттағы қадам деуге болады. Ал ересек халық үшін мешіттер жанындағы сауат ашу курстарын заманауи форматта ұйымдастыру, онлайн курстар өткізу көкейкесті.

Үшіншіден, классикалық исламдағы ақыл мен уахи үйлесімі қазіргі қазақ мұсылмандары үшін де басшылыққа алынуға тиіс принцип екені айқындалды. Матуриди бабамыз негізін қалаған «*ақыл мен мәтін теңе-теңдігі*» қағидасы – дәл бүгінгі плюралистік қоғамда аса өзекті. Бір жақтан тек қатаң кітап сөзіне жабысып, өмір шындығын ескермейтін догматизм, екінші жақтан ақылды шектен тыс тәуелсіз қойып, мәтінді терістейтін секуляризм көрініс беруде. Бұл екі шетқақпайдың ортасын тауып, критикалық ойлау мен дәстүрлі сенімнің байланыстырушы көпірі қажет. Ислам ғұламалары ғасырлар бойы қалыптастырған әдіснамалар (қияс, иjtихад, усул ілімі) – осы көпірдің қызметін атқара алады. Олай болса, қазіргі қазақ теологтары мен зиялылары сол классикалық әдіснаманы меңгеріп, оны замана ағымындағы нақты сұрақтарды шешуге қолдануы керек. Мысалы, заманымызда биомедицина, этика, экология саласында туындаған күрделі сұрақтарға исламның жауабын табу үшін көне фикһтық қағидаларға жаңаша тұрғыда ой жүгірту керек. Бұл – діни білімді тек құлшылық шеңберінде қалдырмай, оның қоғамдық мәнін арттырады.

Төртіншіден, Қазақстандағы ислам білім беру жүйесін жетілдіру мәселесі туындайды. Зерттеу барысында анықталғаны – елімізде әлі күнге дейін ресми бекітілген тұтас бір концепция жоқ, ислам білімінің моделі толық қалыптаспаған. Медреселер мен мешіт ұстаздары түрлі әдістемелерді қолданады, кейде бірізділік сақталмайды. Бұл ретте, ислам өркениетіндегі бай тәжірибеге сүйене отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескеру қажет. Қазақ қоғамында исламды қабылдау көбіне этномәдени сүзгіден өтеді: халық дінді өз салт-дәстүріне сай бейімдеп келді. Бүгін де солай – мысалы, интернет уағыздарының ішінде

халқымыздың табиғатына жақын, салтпен үйлесетіндері тез қолдау табады да, кереғар, қатқыл мазмұндылары кері реакция тудырады (немесе жасырын топтарда ғана қалады). Сондықтан діни білім таратушыларға халқымыздың осы ерекшелігін ескеріп, инклюзивті, жұмсақ тәсілдермен ағарту ұсынылады. Бұл, түптеп келгенде, дәстүрлі ханафи-матуриди бағытының да ұстанымы, өйткені ол ағым тарихта түрлі мәдениеттерді тоғыстырып, кең пікірлі мектеп болғаны мәлім.

Қорыта айтқанда, исламның білім туралы классикалық концепциясы – *ілімді игеру әр мұсылманның борышы, ақыл мен жүрек арқылы ақиқатты тану, пайдалы білімге ұмтылу, зиянды надандықтан қашу* – қағидалары жағынан Қазақстан мұсылмандарының көңіліне жақын әрі түсінікті. Бүгінгі басты міндет – сол мызғымас қағидаларды ХХІ ғасырдағы коммуникация тілімен, ғылыми жетістіктермен сабақтастыра отырып жеткізу. Дін социологиясы және діни сана саласындағы бұл зерттеу көрсеткендей, діни санадағы білімді қабылдау процесі – қоғамдағы жалпы білім мәдениетімен тығыз байланысты динамикалық құбылыс. Сондықтан, елдің зайырлы білім беру жүйесі мен діни институттары өзара ынтымақтаса отырып, келешек ұрпақтың жан-жақты әрі рухани бай білім алуына жағдай жасауы тиіс. Бұл өз кезегінде экстремизмнің алдын алып, дәстүр сабақтастығын сақтауға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға сеп болмақ. Ислам өркениетіндегі білім мұрасы – қазіргі қазақ қоғамының рухани жаңғыруында таусылмас қайнар екені анық. Оны тиімді пайдалану – іскер билік пен ізгі ниетті ғалымдардың, жалпы халықтың ортақ парызы болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Abylov, T., Mutahyev, M., & Sevinç, E. (2025). The Role of Anatolian Sufi Groups in the Islamization of the Golden Horde Populations. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, (116), 557-568.

Akhtar, S. W. (1995). The Islamic concept of knowledge. *Al-Tawhid Journal*, 12(3). Retrieved from <https://www.al-islam.org>

әл-Ғазали, Әбу Хамид. (2010). *Ихия` улум ад-дин*. Cairo: Әл-Мысрилия. – 642 б.

әл-Матуриди, Ә. (2000). *Китаб ат-Таухид (Таухид кітабы)*. Ыстанбұл: Ислам_түх баспасы. – 380 б.

Beisenbayev, B. (2024). The dynamics of Islam in Kazakhstan from an educational perspective. *Religions*, 15(10), 1243. <https://doi.org/10.3390/rel15101243>

Ибн Мажаһ. (2007). *Сүнән Ибн Мажаһ (хадис жинағы)*. Рияд: Даруссалам.

Құрманбаев, Қ., & Сихимбаева, Д. Ә. (2021). Исламдағы білім концепциясы және оның мұсылман өркениетіндегі рөлі. *Адам әлемі*, 3(89), 131–139.

Kamishева, G. A., Oralova, G. S., Tulebayeva, A. T., & Yildiz, N. (2024). Ислам діндегі білімнің статусы мен құндылығы және киелілер культі. *Bulletin of the Karaganda university History. Philosophy series*, 11329(1), 178-187.

Kerim, S., et al. (2025). Digital transformation of Islamic preaching in Kazakhstan: Identifying famous online preachers and their influence. *Millah*, 24(2), 611–644. <https://doi.org/10.20885/millah.vol24.iss2.art2>

Kozha, M., Abzhalov, S., & Temirkhanov, B. (2025). Ahmet Yesevi Mezarinin Etrafindaki Eski Yapılarla İlgili Görüşler ve Yeni Bulgular. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, (114), 55-64.

Mukankyzy, M., & Najibullah, F. (2013, November 22). Kazakh mullahs get web-savvy. *Radio Free Europe/Radio Liberty*. Retrieved from <https://rferl.org>

Omelicheva, M. (2011). Islam in Kazakhstan: A survey of contemporary trends and sources of securitization. *Central Asian Survey*, 30(2), 243–256. <https://nwc.ndu.edu>

Орынтай, А. (2023, February 16). TikTok имам және блогер поп: Неге діни инфлюенсерлер Қазақстанда танымал? *CABAR.asia*. Retrieved from <https://belief.cabar.asia>

Сихимбаева, Д., & Жанабаева, Д. (2023). Исламдағы рационализм және оның мұсылман өркениетіндегі ғылымның дамуындағы рөлі. *Адам әлемі*, 96(2), 143-151.

Халифа, А. (1991). *Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі* – 624 б.

Zhanykulov H. (2025). The Importance of Philosophical Knowledge in Shaping Children's Thinking System and Worldview. *Hikmet*, 2(4), 58–71. Retrieved from <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/hikmet/article/view/5314>

REFERENCES

Abylov, T., Mutaliyev, M., & Sevinç, E. (2025). The Role of Anatolian Sufi Groups in the Islamization of the Golden Horde Populations. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, (116), 557-568. (In English).

Akhtar, S. W. (1995). The Islamic concept of knowledge. *Al-Tawhid Journal*, 12(3). Retrieved from <https://www.al-islam.org> (In English).

al-Ghazali, Abu Hamid. (2010). *Ihya' 'Ulum ad-Din*. [The Revival of the Religious Sciences]. Cairo: Al-Misriliya. – 642 b. (In Arabic).

al-Maturidi, A. (2000). *Kitab at-Tauhid*. [Kitab at-Tawhid]. İstanbul: İslam_mux baspasi. – 380 b. (In Arabic).

Beisenbayev, B. (2024). The dynamics of Islam in Kazakhstan from an educational perspective. *Religions*, 15(10), 1243. <https://doi.org/10.3390/rel15101243> (In English).

İbn Majah. (2007). *Sunan Ibn Mājah (hadis jijnagi)*. [Sunan Ibn Mājah (Hadith Collection)]. Riyad: Darussalam. (In Arabic).

Kamischeva, G. A., Oralova, G. S., Tulebayeva, A. T., & Yildiz, N. (2024). İslam dinindeki biliminin statusu men qundylyğı jäne kieiller kulti. [The Status and Value of Knowledge in Islam and the Cult of the Sacred]. *Bulletin of the Karaganda university History. Philosophy series*, 11329(1), 178-187.

Kerim, S., et al. (2025). Digital transformation of Islamic preaching in Kazakhstan: Identifying famous online preachers and their influence. *Millah*, 24(2), 611–644. <https://doi.org/10.20885/millah.vol24.iss2.art2> (In English).

Kurmanbaev, K., & Sihimbayeva, D. Ä. (2021). İslamdağı bilim kontseptiyası jäne onıñ müsılman örkenietindeki röli [The concept of knowledge in Islam and its role in Muslim civilization]. *Adam älemi*, 3(89), 131–139. (In Kazakh).

Kozha, M., Abzhalov, S., & Temirkhanov, B. (2025). Ahmet Yesevi Mezarının Etrafındaki Eski Yapılarla İlgili Görüşler ve Yeni Bulgular. [Views and New Finds About the Old Buildings Around the Tomb of Ahmet Yesevi]. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, (114), 55-64. (In Turkish).

Mukankyzy, M., & Najibullah, F. (2013, November 22). Kazakh mullahs get web-savvy. *Radio Free Europe/Radio Liberty*. Retrieved from <https://rferl.org> (In English).

Omeliçeva, M. (2011). Islam in Kazakhstan: A survey of contemporary trends and sources of securitization. *Central Asian Survey*, 30(2), 243–256. <https://nwc.ndu.edu> (In English).

Oryntay, A. (2023, February 16). TikTok imam zhane blogger pop: Nege dini influencepler Qazaqstanda tanyml? [TikTok Imam and Blogger Pop: Why Are Religious Influencers Popular in Kazakhstan?]. *CABAR.asia*. Retrieved from <https://belief.cabar.asia> (In Kazakh).

Sihimbayeva, D., & Zhanabayeva, D. (2023). İslamdağı ratsionalizm jäne onıñ müsılman örkenietindeki ğılımınñ damuwındağı röli. [Rationalism in Islam and Its Role in the Development of Science in Muslim Civilization]. *Adam älemi*, 96(2), 143-151.

Halifa, A. (1991). Kuran Karim: *kazaksha magna zhane tusinigi*. [The Qur'an: Kazakh Meaning and Interpretation]. – 624 b. (In Kazakh).

Zhanykulov N. (2025). The Importance of Philosophical Knowledge in Shaping Children's Thinking System and Worldview. *Hikmet*, 2(4), 58–71. Retrieved from <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/hikmet/article/view/5314> (In English).